

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты
Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті
Физика және математика кафедрасы

«Бекітемін»
Кафедра меңгерушісі



Тулегенова А.К.

COVID-19 коронавирустық инфекциялық пандемиясы кезінде
студенттерінің білімін бағалау талаптары және критерийлері туралы
НҰСҚАУЛЫҚ

5B011000 (6B01502)-Физика, 5B010900-Математика,
5B012600 (6B01507) – Математика-Физика, 5B012800– Физика-
Информатика мамандықтары студенттеріне арналған

«Физика және математика»
кафедрасының мәжілісінде қаралды
Хаттама №9, 08.04.2020ж.

Арқалық, 2020

1.1. 5B011000 (6B01502)-Физика, 5B010900-Математика, 5B012600 (6B01507) – Математика-Физика, 5B012800– Физика-Информатика мамандығы студенттерінің білімін бағалау талаптары және критерийлері туралы нұсқаулық (бұдан әрі - нұсқаулық) АрқМПИ Ғылыми кеңесінің отырысында қаралған (25.09.2018 ж., № 2 хаттама) «Ы.Алтынсарина атындағы АрқМПИ академиялық саясаты» және 29.04.2020 жылы бекітілген «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында COVID-19 коронавирустық инфекциялық пандемия кезеңінде аралық аттестаттауды ұйымдастыру ережелеріне» (№ 8 хаттама) сәйкес құрастырылған.

1.2. Нұсқаулықта 5B011000 (6B01502)-Физика, 5B010900-Математика, 5B012600 (6B01507) – Математика-Физика, 5B012800– Физика-Информатика мамандықтары студенттерін аралық аттестаттауды бағалаудың негізгі формалары, талаптары мен критерийлері қарастырылған.

1.3. Осы нұсқаулық Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты «Физика және математика» кафедрасындағы нормативтік-анықтамалық құжаттаманың бірі болып табылады және бөлім ішінде орындалуы міндетті.

2. Жалпы ережелер

1.1. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша білімді бақылау және бағалау баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша жүзеге асырылады, оған келесі бақылау түрлері енеді:

- ағымдық бақылау
- межелік бақылау
- қорытынды бақылау (емтихан)

1.2. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы Platonus және басқа қолданбалы технологияларды пәндер материалдарымен (силлабустар, студенттерге арналған тапсырмалар, әдебиеттер, видео дәрістер, анықтамалық ақпарат) толтыруды, студенттермен онлайн сабақтарды және студенттердің орындаған тапсырмаларын уақтылы тексерілуін қамтамасыз етеді.

1.3. Кафедра студенттер мен оқытушыларға ari.kz сайтында COVID-19 коронарлық вирус жұқпасының пандемия кезіндегі кафедрада студенттердің білімін бағалау талаптары және критерийлері туралы нұсқаулыққа қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

3. Студенттерді аралық аттестаттау формалары

3.1. Оқу үлгерімінің ағымдық мониторингін, студенттерді аралық аттестаттауды өткізу тәртібі Институттың академиялық саясаты және бағалау саясатымен анықталады.

3.2. Студенттерді аралық аттестаттау ережелерге сәйкес кафедраның белгілі бір пәні бойынша студенттердің оқу нәтижелеріне жетуін бағалау мақсатында Platonus және басқа қолданбалы қашықтықтан оқыту технологиялары (Google класс, Microsoft Teams, Google Forms, Zoom, Skype, Whatsup және т.б.) арқылы Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында COVID-19 коронавирустық инфекциялық пандемия кезеңінде аралық аттестациялауды ұйымдастыру ережесіне сай жүзеге асырылады..

3.3. «Жас ерекшелік физиологиясы және қауіпсіздік негіздері» пәні бойынша аралық аттестаттау АИС Platonus жүйесінде міндетті компьютерлік тестілеу түрінде болады.

3.4. Кафедрада аралық аттестаттауды жүргізу формалары:

- онлайн режимінде ауызша емтихандар
- үй жағдайында орындалған жобалар (жоба, бейне презентация), эссені бағалау, кейстер мен есептерді шешу түріндегі «ашық кітаппен» емтихандар (үйге ашық кітап емтиханы);
- AIS Platonus-та компьютерлік тестілеу.

3.5. Емтихандардың ерекшеліктері Ғылыми кеңес бекіткен «COVID-19 коронавирустық инфекциялық пандемия кезінде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында емтиханды қашықтықтан өткізу туралы нұсқаулықта» келтірілген.

4. Студенттердің оқу жетістіктерін бағалау критерийлері мен талаптар

4.1. Онлайн форматта ауызша емтихан бойынша бағалау критерийлері:

- Ауызша емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.
- Әр сұрақ бойынша максималды бағалану:
1 сұрақ – 30 балл, 2 сұрақ – 30 балл, 3 сұрақ – 40 балл.

4.2. «Ашық кітаппен» емтихан түрлері бойынша бағалау критерийлері:

Тақырып бойынша эссе жазудың жалпы талаптары:

- ✓ студент пән бойынша емтихан сұрақтары ішінен 1 тақырыпты таңдап алуы тиіс;
- ✓ эсседе студенттің тақырыпты мазмұндық және теориялық деңгейде аша алу қабілеті көрінуі тиіс;
- ✓ эссе мәтіні мен мазмұны логикалық тұрғыда сабақтас және құрылымдық тұрғыда бірізді (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) болуы тиіс;
- ✓ эссе мазмұнында егер бір көзқарас атап көрсетілсе, соған сәйкес оған қайшы пікір де талдану керек, сонымен бірге сыни талдау болуы тиіс;
- ✓ эссе электронды түрде барлығы 500-550 сөз көлемінде А-4 форматта 1,5-2 бетте, Microsoft Office Word-та, Times New Roman қаріпінде; 14-көлемде, 1 интервал да орындалуы тиіс;
- ✓ эссенің титулдық бетінде: тақырып, студенттің аты-жөні, тобы көрсетіледі;
- ✓ эссені жазу барысында интернет материалдарын көшіріп басуға болмайды;
- ✓ мазмұны плагиатқа тексеріледі, автордың (студенттің) өз үлесі 50% -дан кем болса жұмыс қабылданбайды, плагиаттан өткен жағдайда оқытушы білім алушының жұмысын тексеріп Platonus ААЖ-ға баға қойылады;
- ✓ эссе белгіленген мерзімде сілтеме арқылы Google дискке салыну қажет.

Тақырып бойынша жоба жазудың жалпы талаптары:

Жоба электронды түрде барлығы 10-15 бет көлемінде А-4 форматта, Microsoft Office Word-та, Times New Roman қаріпінде; 14-көлемде, 1 интервал да орындалуы тиіс. Және презентациясы тапсырылуы керек.

Жоба мәтіні мен мазмұны логикалық тұрғыда сабақтас және құрылымдық тұрғыда бірізді (титул беті, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) болуы тиіс

Жобаның титулдық бетінде: тақырып, студенттің аты-жөні, тобы көрсетіледі.

Жұмыстың тақырыптарын оқытушы ұсынады, студент тақырыптың өзіндік нұсқасын ұсына алады (оқытушымен талқыланады және келісіледі). Оқытушы жұмыс түрін анықтайды: жеке немесе топтық.

- ✓ өзектілігі;
- ✓ өз бетінше орындауы, шығармашылық көзқарас;
- ✓ мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі;
- ✓ материалдың тереңдігі;
- ✓ дереккөздерді қолданудың толықтығы, оларды талдаудың сауаттылығы, сілтемелердің болуы;
- ✓ мәтін дизайнының сауаттылығы, талаптарға сәйкестігі;
- ✓ жобаны жазу барысында интернет материалдарын көшіріп басуға болмайды;
- ✓ мазмұны плагиатқа тексеріледі, автордың (студенттің) өз үлесі 50% -дан кем болса жұмыс қабылданбайды, плагиаттан өткен жағдайда оқытушы білім алушының жұмысын тексеріп Platonus ААЖ-ға баға қойылады.
- ✓ жоба белгіленген мерзімде сілтеме арқылы Google дискке салыну қажет.

Берілген есептерді шешудің жалпы талаптары:

- ✓ есептің шешуі (жауаптары) қолмен паракқа жазылуы;
- ✓ есептің шартын дұрыс талдай алуы;
- ✓ шамалар арасындағы байланысты дұрыс меңгеру;
- ✓ формулаларды қорытып шығаруы;

- ✓ жауап парақтары сілтеме арқылы белгіленген мерзімде Google дискке салыну қажет;

Берілген тақырыптарға кейс әдісін (case-study) қолданып зерттеу жүргізу

Зерттеу 5 кезеңнен тұрады:

- 1-кезең – тақырыптың өзектілігін анықтау;
- 2-кезең – мәселе мен әсер ететін факторларды ашып көрсету;
- 3-кезең – нақты деректерге сүйеніп, тұжырымдама жасау;
- 4-кезең – жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар (тест, өзіндік жұмыс) құрастыру және оларды талдау жұмысы;
- 5-кезең – қорытынды, ұсыныс енгізу.

- ✓ Зерттеу жұмысы А-4 форматта, Microsoft Office Word-та, Times New Roman қаріпінде; 14-көлемде, 1 интервал да орындалуы тиіс.

- ✓ мазмұны плагиатқа тексеріледі, автордың (студенттің) өз үлесі 50% -дан кем болса жұмыс қабылданбайды, плагиаттан өткен жағдайда оқытушы білім алушының жұмысын тексеріп Platonus ААЖ-ға баға қойылады.
- ✓ белгіленген мерзімде сілтеме арқылы Google дискке салыну қажет.

Бағалау критерийлері

Баға	Критерий
А бағасы	Бағдарлама материалы толық меңгерілген, ешбір қателік жоқ, өзіндік ойлау қабілетін көрсеткен. Бағдарламалық материалды өз бетінше қосымша ғылыми әдебиеттер пайдаланған, бағдарламалық материалдарды өз бетімен жүйелеуге, ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуға қабілетті, формулаларды қорыта алады. Өрнектері дұрыс көрсетіліп, мазмұны дұрыс және толық жазылса.
А- бағасы	Материалды бағдарламаның талаптарына сәйкес толық, жүйелі түрде есептерді қатесіз шығара алады. Есептің шығарылуына жан-жақты талдау жасай біледі. Студенттің өзі түзеткен, принципиялды емес кемшіліктер. Өрнектері дұрыс жазылса.
В+ бағасы	Оқытылған материалды баяндауда, ұғымдарға анықтама беруде, ғылыми терминдерді қолдануда немесе қорытынды жасауда кейбір үйлеспеушілік пен қателердің болуы. Өрнектері дұрыс көрсетіліп, мазмұны дұрыс толық жазылмаса.
В бағасы	Оқытылған материалдардан негізгі ережелерді өз бетімен атап көрсете біледі; негізгі ережелердің мағынасын аша алады, жауабында логикалық, жүйелі бірізділік бар. Өрнектері дұрыс көрсетіліп, мазмұны дұрыс толық жазылмаса.
В- бағасы	Жауап беру үдерісінде маңызды басты деректердің жоқтығы, негізгі материалды меңгергенімен, оны саралай талдауда қиналып, мысалдармен нақты дәлелдей алмайды. Өрнектері көрсетіліп, мазмұны толық жазылмаса.
С+ бағасы	Жауабы толық, бірақ жүйелі емес. Жауабында тақырыпқа байланысты елеулі ауытқулар бар. Негізгі ұғымдарды анықтауда жіберген қателерін түзетуге қиналған жағдайда қойылады. Өрнектері дұрыс көрсетілмей, мазмұны жазылмаса.
С бағасы	Студент берілген сұраққа толық жауап бермейді. Қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды. Өрнектері де, мазмұны да толық жазылмаса.
С- бағасы	Студент берілген сұраққа толық жауап бермейді, жауабында негізгі заңдылықтарды айта алмайды, сұрақтың басты идеялары

	ашылмайды. Сөздік қорының жеткіліксіздігі, материалды толық меңгермегендігі байқалады.
D+ бағасы	Студент жауабында талқыланып жатқан мәселенің іргелі, әрі негізгі мәселелермен байланыс түсінігінің жоқтығы.
D бағасы	Тақырыпты толық меңгермеген, жауаптарында елеулі қателер байқалады.
FX бағасы	Тақырыпты толық меңгермеген жағдайда
F бағасы	Оқу материалын толық меңгермеген жағдайда қойылады.